Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

L.N.Gumilyov Eurasian National University

---

Сәулет-құрылыс факультеті
«Сәулет» кафедрасы

**БЕКІТЕМІН**
**Қабылдау комиссияның төрағасы, ректор**
**_____________ Е.Б.Сыдықов**
**«__» ____________ 2020 ж.**

**«6В07 Инженерлік өңдеуші және құрылыс»білім беру саласы бойынша**
**В073 «Сәулет» білім беру бағдарламасы тобы**
**онлайн-форматында өтетін**
**«Сурет»пәнінен шығармашылық емтихан**
**БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Нұр-Сұлтан, 2020 ж.**

Әзірлеушілер:

Сәулет кандидаты, профессор_____________________ С.Ш. Садыкова

«Сәулет» кафедрасының
Профессор_____________________ Ж.М. Малибеков

«Сурет» бойынша шығармашылық емтихан түсу бағдарламасы «Сәулет» кафедра отырысында талқыланды,
«09» сәуір 2020 ж. № 9 хаттама

Кафедра меңгерушісі _____________________ С.Ш. Садыкова

Оқу-әдістемелік комиссиясымен (ОӘК) мақұлданды
СҚФ, «15» мамыр 2020 ж. № 10 хаттама

ОӘК төрағасы _____________________ Б.О.Нухаева

Факультет деканы _____________________ С.К. Баймуханов

Келісілді:
Оқу ісі жөніндегі проректор _____________________ Е.А.Оңғарбаев

**Мазмұны**

1. Жалпы ережелер........................................................................................4
2. Шығармашылық емтиханын онлайн-форматта өткізу тәртібі........................4
3. Бағалау критерийлері....................................................................................5
4. Емтихан тапсырмаларының тақырыптары.....................................................6
5. Кеңестер.......................................................................................................7
6. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі......................................................................8

## 1. Жалпы ережелер

1. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-де шығармашылық емтиханды өткізу бағдарламасы шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтиханын өткізу тәртібін белгілейді.
2. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-де білім беру бағдарламаларының шығармашылық топтарына түсетін тұлғаларды қабылдау тәртібі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережелерімен реттеледі.
3. Шығармашылық емтиханның мақсаты талапкердің шығармашылық қабілеттерін және шығармашылық бағыттағы мамандықты меңгеруге жеке алғышарттарын тексеру болып табылады.
4. Шығармашылық емтихандар «Сәулет» кафедрасының пәндік комиссиясымен өткізіледі.
5. Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін осы саладағы құзыретті мамандар қатарынан пәндік комиссиялар құрылады, олардың құрамы Л. Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ректорының бұйрығымен бекітіледі.
6. «6В07 инженерлік, өндірістік және құрылыс салалары» білім беру саласы бойынша оқуға түсу үшін В073 «Сәулет» білім беру бағдарламалары тобы талапкерлері екі шығармашылық емтихан тапсырады – «Сурет», «Сызу».
7. Шығармашылық емтихандар 2020 жылдың 8-13 шілде аралығында өткізіледі.
8. Шығармашылық емтиханның мазмұнын, ұзақтығын және бағалау критерийлерін білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерін ескере отырып, «Сәулет» кафедрасы дербес анықтайды.
9. Шығармашылық емтихандардың кестесін (пәні, өткізілетін уақыты, уақыты және орны, консультациялар, нәтижелерді жариялау күні) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және талапкерлердің назарына құжаттарды қабылдау басталғаннан кешіктірмей жеткізіледі.
10. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-де өткізілетін шығармашылық емтихандар 40 балдық жүйе бойынша бағаланады. Емтихан нәтижелері бойынша олардың табысты өткенін растайтын ең төменгі балл саны 5 балдан кем емес.
11. Бірінші шығармашылық емтиханда белгіленген балл санынан төмен балл алған талапкерлер келесі емтиханға жіберілмейді.

## 2. Шығармашылық емтиханын онлайн-форматта өткізу тәртібі

**1.** ТЖ жағдайында (COVID-19 короновирусты инфекция пандемиясы кезеңі) түсу шығармашылық емтихандарын университеттің пәндік комиссиясы қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы онлайн-форматта өткізеді.

**2.** Шығармашылық емтихандарды қабылдау алдында 2 күн бұрын Пәндік комиссия талапкерлерге арналған тиісті платформада тест-нұсқау өткізеді, онда емтиханда өткізу процедурасын және тәртіп ережелерін түсіндіреді.

**3.** Үй-жайды дайындауды талапкер шығармашылық қабылдау емтиханы басталғанға дейін жүзеге асыруы тиіс. Талапкер емтихан кезінде бір бөлмеде